Ата-аналар жиналысының
хаттамасы № 1

Өткізілу уақыты:

13.09.2024

Тақырыбы :«Тәрбие – балаға берілетін ең қымбат сый»
Жиналысқа қатысуға тиісті: 75
Қатысқаны – 55
Қатыспағаны – 20

Күн тәртібінде

1. Тренинг «Амандасу»
   Әлқуатова А.М.
2. 2023-2024 оқу жылының жетістіктеріне шолу жүргізу. Видеоролик көрсету .Баяндама.
   Бекет А.Ж.
3. «Балалардың балабақшаға бейімделуі» Баяндама
   Тәңірберген А.
4. Жаңа 2024-2025 оқу жылының жоспарымен, стандартқа сай әдістемелік нұсқаулық хаттың өзгерістерімен таныстыру.
   Сарбасова А.Б.
5. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Алтынай Маратқызы ата-аналармен амандасу тренингін өткізіп,жасырылған қағаз бетіндегі әр түрлі іс-қимыл түрлері арқылы ата-аналармен амандасуды ұйымдастырды.

Екінші мәселе бойынша Айгерім Жасұланқызы балалардың жетістіктері туралы сөз алды. 2023-2024жылы жеткен жетістіктер

1)Ақтөбе қаласының әкімдігінің ұйымдастыруы бойынша "Гүлдер әлемі" қалалық гүлдер фестиваль-байқауында "Үздік емдік және хош иісті шәй" номинациясы бойынша 1-орын иегері "Аяла" балабақшасы

2) Республикалық көп жанрлы байқау "Өнерлі бала" "Күншуақ" тобы Хор "Бірлігіміз жарасқан"1-орын

3) Жарқыра, балапан" 1-орын иегері Номинация "Мәнерлеп оқу "бойынша Жеңгіс Адина Жетекші: Әзи Әсила

4) Жарқыра, балапан" 1-орын иегері Номинация "Мәнерлеп оқу "бойынша Серікпаева СезімЖетекші: Әлқуатова Алтынай

5) Жарқыра, балапан""Күншуақ" тобы 2-орын иегерлері Номинация "Хор" "Бірлігіміз жарасқандай"Жетекші: Әлқуатова Алтынай

6) Жарқыра балапан МДҰ арасынд Республикалық байқауға қатысып, вокал номинациясы бойынша, "Айналайын" тобының тәрбиеленушісі Асылбекова Айназ жүлделі II орынды иеленді. Жетекшісі: Сарбасова Асель Бисембековна

7) Best stars" 2024 VI Республикалық шығармашылық өнер фестиваль -байқауда жоғары деңгейде өнер көрсетіп, "Хор" номинация бойынша "Күншуақ" тобы 2-орын жеңіп алды Жетекшілер: Сарбасова Асел, Әлқуатова Алтынай

Scanned with CamScanner

8) Best stats"2024 VI Республикалық шығармашылық өнер фестиваль- байқауында жоғары деңгейде өнер көрсеткен, вокал номинация бойынша 2-орын иегері
Мирболатқызы Құндыз Жетекшісі: Әлқуатова Алтынай
9) Халықаралық шығармашылық, көпжанрлық конкурс-фестиваль, вокал номинациясы бойынша Асылбекова Айназ жүлделі 1- орын иеленді
Жетекшісі: Сарбасова А. Б.
10) Таланттар әлемі байқауынан Халықаралық шығармашылық көпжанрлық конкурс-фестивалінен Көркем сөз номинациясының жүлдегері Аманкелді Аяла 3-орын иеленді
Жетекшісі: Сарбасова А. Б.
11) Best stars-2024 VI Республикалық шығармашылық өнер фестиваль -байқауында жоғарғы деңгейде өнер көрсеткен Мәнерлеп оқу номинация бойынша 1-орын иегері Нұркен Салман жеңіп алды.
Жетекші: Әлқуатова Алтынай
12) Best stars"-2024 VI республикалық шығармашылық өнер фестиваль -байқауы бойынша жоғары деңгейде өнер көрсетіп мәнерлеп оқу номинация бойынша 1-орын иегері Бекмырза Төре иеленді
Жетекші: Әлқуатова Алтынай
13)Best stars"-2024 VI республикалық шығармашылық өнер фестиваль -байқауы бойынша жоғары деңгейде өнер көрсетіп аспаптар номинация боиынша 1-орын иегері "Бүлдіршін" тобы иеленді. Жетекшісі: Бекет Айгерим Жасулановна

Үшінші мәселе бойынша Асылзат Дүйсенбайқызы баланың балабақшаға бейімделуі туралы сөз алды.

2 -3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.Сондықтан кеңес береміз:- Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.- Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз- Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.- Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.- Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

- Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай – ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал.

- Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.

- Бала балабақшаға тек ауырмай келуі қажет. ОРЗ, ОРВИ сақтану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын қуыстарын оксолин мазмен сылап тұру қажет.

Scanned with CamScanner

Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса балабақшаға келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. Баланың балабақшаға барлық бейімделу уақытында психологпен балабақшаның медика – педагогикалық қызметі бақылауға алады.

Төртінші мәселе бойынша балабақшамыздың меңгерушісі Асель Бисембекқызы жаңа оқу жылының жоспарымен таныстырды.

Балабақшалар жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастыру Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру үшін отбасы мен МДҰ нын тығыз ынтымақтастығы қажет. Ата-аналарды педагогикалық процеске тарту үшін: балаларды дамыту мен тәрбиелеуде отбасының және МДҰ-ның күш жігерін біріктіру, әр тәрбиеленушінің отбасымен серіктестік қарым-қатынас орнату; ата-аналарды, тәрбиеленушілер мен педагогтерді өзара түсіністік, ортақ мүдделер, қарым-қатынасқа оң көңіл-күй және қайырымды өзара қолдау атмосферасын құру;

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің мектепалды сыныптарында тәрбие жұмысы МДҰ мен мектептердің мектепалды сыныптарында Біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылады16 . Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу күні бойы – режимдік сәттерде, ұйымдастырылған іс-әрекетте және балалар әрекетінің басқа да түрлерінде жүзеге асырылады. Стандарт17 талаптарында әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу, ұлттық бірегейліктің, азаматтық пен патриотизмнің негіздерін қалыптастыру міндеті көзделген. Тәрбиенің мақсаты жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Тәрбиенің міндеттері: - ата-аналарды, ересектерді құрметтеу дағдыларын қалыптастыру және тәрбиелеу, олардың тәрбиесін тыңдау; - мейірімділік, адалдық, жауапкершілік, қамқорлық пен әділдік қасиеттеріне баулу; - еңбекқорлыққа баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру; - ұлттық мұраны қастерлеу, қазақ тілін құрметтеу дағдыларын енгізу; - патриотизм сезімін қалыптастыру; - денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға үйрету; - табиғатқа, ұлттық және табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға, табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу. Мақсат пен міндеттерді тиімді іске асыру үшін

Қаулы: 1. 2023-2024 оқу жылында жеткен жетістіктер баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.

2.Балалардың балабақшаға бейімделуі туралы ата-аналарға кеңес беру жалғасын тапсын.

3. 2024-2025 оқу жылының жоспарын іске асыру, әдістемелік нұсқау хаттағы өзгерістермен жұмыс жүргізу жалғасын тапсын.

Балабақша меңгерушісі: Сарбасова А.Б.

Хатшы: Әлқуатова А.М.

Scanned with CamScanner

№3 жалпы ата-аналар қорытынды жиналыс хаттамасы

Жиналыстың түрі: Жыл соңындағы жалпы ата-аналар жиналысы
Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»"Балаларымыздың табысы – біздің ортақ жетістігіміз"
Өткізу күні: 30.05.2025
Қатысушылар: Балабақша әкімшілігі, тәрбиешілер, ата-аналар

Күн тәртібі:

1. Балалардың жылдық жетістіктері

1.1. Әр топ бойынша есеп:

- Балабақша меңгерушісі оқу жылындағы әр топтың жетістіктері туралы жалпы есеп берді.
- Тәрбиешілер әр топтың жетістіктерін қысқаша баяндады:

1.2. Балаларды марапаттау:

- Балалар жетістіктері үшін түрлі номинациялар бойынша марапатталды:
  - "Ең белсенді оқушы"
  - "Ең шығармашыл бала"
  - "Достық жанашыры"
  - "Спорт жұлдызы"
- Марапаттау барысында балалардың есімдері аталып, олардың ерекше жетістіктері мадақталды.

2. "Сіз қандай ата-анасыз?" тренингі

- Тренинг жүргізуші ата-аналарға балаларының кішкентай жетістіктерін бағалаудың маңыздылығын түсіндірді және саулнама өткізу
- Қатысушылар "Жетістік баспалдағы" және "Келесі қадам" жаттығуларын орындап, балалардың дамуындағы өз үлестерін талқылады.

Scanned with CamScanner

- Барлық қатысушылар тренингтің пайдалы болғанын атап өтті.

3. Ата-аналарға арналған ойын: "Балаңызды қаншалықты жақсы білесіз?"

- Ата-аналарға балаларға қойылған алдын ала сұрақтарға жауап беру ұсынылды.
- Балалардың жауаптары оқылып, ата-аналар өз жауаптарын салыстырды.
- "Баласын ең жақсы білетін ата-ана" номинациясы бойынша жеңімпаз ата-ана марапатталды. Ойын қызықты және көңілді өтті.

4. Балабақша мен ата-аналар комитетінің алдағы жылға ұсыныстары және ауланы абаттандыру

- Балабақша әкімшілігі алдағы оқу жылына арналған жоспарларымен бөлісті:
  - Қосымша үйірмелер енгізу.
  - Танымдық экскурсиялар мен мерекелік шараларды көбейту.
- Ата-аналар комитетінің ұсыныстары:
  - Жаңа спорттық құрал-жабдықтар алу.
  - Мектепке даярлық бағдарламасын кеңейту.
  - Балалардың шығармашылық жұмыстарын көрмеге қою.

5. Сұрақ-жауап және кері байланыс

- Ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарды қойды:
  - Тамақтану сапасы мен мәзірді әртараптандыру.
  - Жаңа оқу жылындағы жоспарлар туралы ақпарат.
- Тәрбиешілер мен әкімшілік тарапынан барлық сұрақтарға жауап беріліп, ұсыныстар қаралатын болды.

Scanned with CamScanner

- Ата-аналар жиналысқа ризашылықтарын білдіріп, балабақша қызметін жоғары бағалады.

Қорытынды:

Жиналыс нәтижесінде оқу жылының жетістіктері қорытындыланып, ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастық нығая түсті. Алдағы оқу жылына мақсаттар айқындалып, балалардың дамуына қажетті қадамдар талқыланды.

Хаттама құрастырған: Әлқуатова А.М.

Төрайымы: **Сарбасова А.Б.**

Мөр және қол:

Scanned with CamScanner